

ӘОЖ 321:316.3

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ – ӘЛЕУМЕТІК МЕМЛЕКЕТТІҢ НЕГІЗГІ ІРГЕТАСЫ

Дюсембекова М.К., Аубакиров С.С.

aubakirov_s.s@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Саясаттану» кафедрасы, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Қазіргі кездегі демократияның іргетасының ең негізгі кірпіштерінің бірі әрі сонымен қатар оның от беруші моторы өзінің құқықтары мен бостандықтарын, өмірлік мүдделері мен қажеттіліктерін білдіру, қорғау және қанағаттандыру саласындағы азаматтық белсенділікті қамтамасыз ететін, оның ішінде қоғамдық басқару істерінде мемлекетпен бірлесіп, қатысу арқылы қамтамасыз ететін азаматтық қоғам екендігі жалпыға белгілі.

Ал әлеуметтік мемлекет халықты әлеуметтік қамтамасыз етудің дамыған жүйесімен сипатталатын мемлекеттің бір түрі. Азаматтық қоғам генезисінің теориялық тұрғыдан зерттелуіне көз жүгіртсек, азаматтық қоғам идеясы өте ертеде пайда болған. Антикалық авторлардан бастап қазіргі заман авторларына дейін азаматтық қоғам мәселелерін зерттеген.

Азаматтық қоғам тұжырымын, оның мемлекетпен өзара тәуелділігін зерттеуде Г. Гегель еңбектері зор мәнге ие. Француз, англо-саксондық және неміс қоғамдық – саяси ойшылдарының барлық еңбектерін жүйелеу негізінде Г. Гегель азаматтық қоғамның орта ғасырдан жаңа кезеңге дейінгі ұзақ та күрделі тарихи трансформациялау процесінде отбасыдан мемлекетке дейінгі диалектикалық қозғалыстың ерекше даму сатысынан өтеді, - деген шешімге келген. Азаматтық қоғаммен реттелетін және саяси мемлекетке тікелей тәуелді емес жеке тұлғалар, таптар, топтар мен институттар комплексін құрайды.

Жалпы, Қазақстанда азаматтық қоғам қалыптастыруға қарай қозғалыстың жалпы бағыты азаматтық қоғам институттары мен мемлекет арасындағы өзара іс-қимыл тетіктерін әзірлеуге себепші болады. Бұл орайда, әлемдік тәжірибе мен қазақстандық ерекшелікке сүйене отырып, республика азаматтық қоғам мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынастың өзіндік моделін іздеуде.

Осыған орай, әлеуметтік кәсіпкерлік – бизнестің қоғам үшін маңызды мәселелерді шешуді мақсат еткен ерекше саласы. Әлеуметтік кәсіпкердің субъектісі не объектісі – әлеуметтік жобалар болып табылады.

Азаматтық қоғамға жататын үкіметтік емес ұйымдардың (бұдан әрі - ҰЕҰ) пайда болуы мен дамуына елдің әлеуметтік-саяси даму ерекшелігі мен оның эволюциялық жолмен жекелеген кезеңдерінің ерекшеліктері жағдай жасады. ҰЕҰ мемлекеттің басқа да институттары сияқты олардың қоғамда орын алуына функциялық қажеттілік пайда болған кезде ғана құрылады. Дүниежүзілік іс-тәжірибеде азаматтық қоғам институттары ерекше мақсат көздейді деген түсінік қалыптасып орныққан. Ал бұл жерде мемлекеттің міндеті – ережелер әзірлеп және оларды заңның күшімен енгізу.

Бизнестің міндеті – ақша табу. Әлеуметтік сектор ұйымдарының міндеті – көптеген әлеуметтік проблемаларды шешуге жәрдемдесе отырып, азаматтардың игілігіне жағдай жасау. Әдетте азаматтық қоғам институттарының қызметі қоғамдағы әлеуметтік

тұрақтылықты қамтамасз етуге жәрдемдесе отырып, әлеуметтік саладағы жағымсыз үрдістерді жұмсартуға жағдай жасайды.

Сондықтан азаматтық қоғамның дәстүрлі институттары екі маңызды міндетті орындайды:

- қоғамның әлеуметтік проблемаларын шешу;

- қоғамның әлеуметтік проблемаларын шешу үшін азаматтардың белсенділігін ояту. Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарының қызметі осы міндеттерді іске асыруға бағытталған.

Қандай да бір елдегі азаматтық қоғам дамуының мүмкіндіктері туралы тұжырым жасауға болатын ұстанымдық белгі оның халқының әлеуметтік-мәдени және саяси өзін-өзі ұйымдастыруына қабілеттілігі болып табылады.

Үкіметтік емес ұйымдардың қызметінің жай-күйі мен тиімділігі, саны, ешбір күмәнсіз азаматтық қоғам дамуының көрсеткіштері. Қоғамдық қатынастарды реттеуде нақ ҮЕҰ әлеуметтік үрдістер мен қайта құруларда көптеген маңызды функцияларды орындай отырып, мемлекет пен азаматтар арасындағы пәрменді делдалдар рөлін атқарады деп есептеледі.

Азаматтық қоғам мен үкіметтік емес ұйымдардың арасындағы байланысқа қатысты сұрақтар туындайды:

Мысалы, америкалық үкіметтік емес «Фридом Хауз» ұйымының мамандары азаматтық қоғам ҮЕҰ-ның пайда болуы мен қызметіне жағдайлар жасайды деп есептейді, өйткені соңғылары азаматтық қоғамның өміршеңдігін күшейтеді.

Қазақстанда «үкіметтік емес ұйым» термині отандық өзіндік немесе тәуелсіз қоғамдық бірлестіктер атауын алмастыра отырып, негізінен, халықаралық донорлық құрылымдардан кең тарала бастады. ҮЕҰ-ның бүкіл секторын толық сипаттау үшін көпшілік қабылдаған, әмбебап терминологияның әзірше жоқ екенін мойындауға болады. Жалпы, ҮЕҰ-ның кәсіптік ерекшелігі шектелмеген (сондықтан ҮЕҰ-ға кәсіподақтар жатпайды) және мемлекеттік билікке ұмтылмайтын, негізгі мақсаты табыс табу емес (осыған байланысты бұларға саяси партияларды қоспайды) ашық коммерциялық емес ұйымдар деп қалыптасқан.

Осы ретте, жалпы елімізде ҮЕҰ-дар мен азаматтық қоғамды реттейтін мемлекеттік шешімдер қабылдануда және қоғамдық пікірге ықпал етуде коммерциялық емес ұйымдардың рөлін арттыру шеңберінде мынадай нормативті-құқықтық актілер бар:

- «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заң, 1996 жыл;

- «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заң, 2001 жыл;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Гранттар беретін халықаралық және мемлекеттік ұйымдар мен қорлар тізбесін бекіту туралы» қаулысы, 2001 жыл;

- ҮЕҰ-ды мемлекеттік қолдау тұжырымдамасы, 2002 жыл;

- «Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдарын мемлекеттік қолдаудың тұжырымдамасы туралы» 2002 жыл. [1]

Үкіметтік емес ұйымдар секторында мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру тетігінің ашықтығын қамтамасыз ету мен жетілдіру, оны жүзеге асыру тетігі мен рәсімдерін жақсарту, ҮЕҰ-дың басымдыққа ие жобаларды белгілеуге қатысу мәселелерін қарастыру жоспарланды. Сондай-ақ, мемлекет пен ҮЕҰ-дың өзара әрекеттестігі үдерісін жалғастыру, әсіресе аймақтар мен ауылдық жерлердегі ҮЕҰ секторын дамытудың институтционалдық және ұйымдық базасын қолдануды нығайту көзделді.

Әлеуметтік бағдарланған кәсіпкерлік қызмет Қазақстанда тамырын жаюда. Аталған бағыт бүгінгі таңда АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Польша, Оңтүстік Корея сияқты шет елдерде заңнамалық деңгейде алға жылжып, белсенді дамып келеді.

Шартты түрде, әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытудың екінші толқыны 2010 жылдың басында Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бойынша күш-жігерді біріктіруге, тәжірибе алмасуға әрекет жасалған алғашқы форумдар, конференциялар өткізілген кезеңдер. Шеврон компаниясы, Алматы Менеджмент Университеті, Азаматтық қоғамды дамыту қауымдастығы, Орталық Азияның Еуразия Қоры, Қазақстандағы Британ Кеңесі әлеуметтік кәсіпкерлерді қолдау бағдарламалары мен білім беру бағдарламаларын қолға алды. Сол кезеңде Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы әлеуметтік кәсіпкерлікті реттейтін заңнамалық түзетулер мен анықтамалар енгізуге әрекет жасады.

Бүгінгі күні әлеуметтік кәсіпкерлік анықтамасы заңды түрде бекітілмеген және әлеуметтік кәсіпкерлік туралы заң қабылданбаған. Алайда, көптеген сарапшылар заң туралы айту әлі ерте, қазіргі таңда әлеуметтік кәсіпкерлерді анықтау мен қолдауға баса назар аудару маңызды деп санайды.

Аталған ұйымдардың күш-жігерінің және азаматтық қоғамның (әлеуметтік кәсіпкерлікті ҰЕҰ-дың тұрақтылығын арттыру тәсілі ретінде қарастыратын), мемлекеттің, сондай-ақ азаматтардың (әлеуметтік міндеттерді шешуге көбірек тартылатын) өсіп келе жатқан қызығушылығының арқасында әлеуметтік кәсіпкерлік елдің әр түкпірінде дамып келеді.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік органдар да қызығушылық танытуда.

Мысалы, 2019 жылы Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен бірлесе отырып, Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға қосқан үлесі үшін «Ozgeris ustasy» бірінші республикалық сыйлығын тапсыру бойынша ауқымды жобаны іске асыруды жоспарлап отыр.

Бүгінгі таңда бейресми есеп бойынша Қазақстанда шамамен 200 әлеуметтік кәсіпорын жұмыс істейді. Ozgeris Ustasy сыйлығына келіп түскен өтінімдер нәтижелері бойынша ұйымның 60% - ға жуығы мүмкіндігі шектеулі адамдарды жұмысқа орналастыру және әлеуметтік бейімдеу, сондай-ақ жалпы әлеуметтік осал топтарды қолдау мәселелерін шешеді. Сондай-ақ, қол жеткізу және білім сапасы және экология мәселелері де қазіргі таңда өзекті. Бұл статистика сарқылмас, бірақ репрезентативті болып саналады, өйткені өңірлердегі жағдайдың және түрлі ұйымдармен жұмыс жасау тәжірибесінің ұқсас екенін көрсетеді. [2]

Жалпы, елімізде екі жылда бір рет Мемлекет басшысының қатысуымен болатын Азаматтық форумы өтеді. Бұл форум негізі мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың өзара пікір алмасатын ашық алаңына айналған десекте болады.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің құзыреті шеңберінде әлеуметтік кәсіпкерлікті дамытуға, елдегі әлеуметтік кәсіпкерліктің даму үрдісін зерттеуге бағытталған әлеуметтік-маңызды жобаларды іске асыруда.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі жыл сайын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде жобаны іске асыру жоспарланған және оның шеңберінде жұмыс істейтін ҰЕҰ арасында әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту үшін Қазақстанның ҰЕҰ әлеуетіне бағалау жүргізу, әлеуметтік кәсіпкерлік бойынша стейкхолдерлер қызметіне талдау жүргізу, Қазақстанның ҰЕҰ арасында әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бойынша пилоттық бағдарламаның жобасын әзірлеу жоспарлануда. Аталған жобаны іске асыру Қазақстанда әлеуметтік кәсіпкерлік мәдениетін дамыту және ілгерілету үшін нақты ұсыныстарды қалыптастыруға ықпал етеді.

Азаматтық қоғам институттарының жастар саясатын іске асыруға қатысуын кеңейту мақсатында Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мәліметі бойынша 2019 жылы білім беруді дамытуға, жастарды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге,

әртүрлі бағыттардағы дарынды жастарды анықтау мен қолдауға, жастар арасында кәсіпкерлікті дамытуға, отбасылық құндылықтарды нығайтуға, экологиялық мәдениетті, этномәдени бірлестіктердің белсенді қатысуымен жастар арасында әлеуметтік бірлікті дамытуға бағытталған әлеуметтік жобалар жүзеге асырылды.

2019 жылы республика өңірлерінде жастардың ғылыми және шығармашылық бастамаларын қолдауға, волонтерлікті дамытуға, отбасылық құндылықтарды танымал етуге, жастар арасында суицид пен құқық бұзушылықтың алдын алуға, діни, ұлтаралық негіздегі қақтығыстың себептерін анықтауға, жастарды патриоттық тәрбиелеуге, салауатты өмір салтын насихаттауға, жастар арасында әлеуметтік, құқықтық, мәдени және адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етуге, жастарды қолдауға және т.б. бағытталған 351 әлеуметтік жоба іске асырылды.

Қорытындылай келе, мемлекет азаматтық қоғам арасында тығыз байланыс орнатып, Батыстағы азаматтық қоғамның жұмыс істеу тарихын тәжірибе ретінде ескере отырып, үкіметтік емес, коммерциялық емес ұйымдардың қолдауымен қаланған азаматтық қоғамның негізгі субъектісі ретінде мемлекет, әлеуметтік стратегияны игілікті серіктес ретінде қызмет атқаруы қажет. Сонымен қатар тағы да бір айта кететін жәйт, ұлттық мемлекет азаматтық қоғамның дамуы мен қалыптасуына міндетті шарт болып табылады.

Азаматтық қоғам мен бизнес қоғамдастық арасындағы қарым-қатынасына келетін болсақ, азаматтық қоғам ұйымдары нақты жағдайды объективті бағалауға негізделген қоғамның ағымдағы қажеттіліктеріне қарай басымдыққа ие болуы керек. Азаматтық қоғам мен бизнес өкілдері қай кезеңде болмасын мемлекеттің қолдауы қажет. Сонымен бірге, кәсіпорындар да азаматтық ұйымдарға үлкен қызығушылық пен қолдау көрсетуі керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. МИРАС - қоғамдық-саяси және ғылыми-көпшілік журналы, 2012 ж, № 3 (23).
2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Азаматтық қоғам істері комитеті 2019-2020 ж.ж.
3. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы, 2016 жыл (66) № 6.
4. Общественные науки и современность. Власть, бизнес и гражданское общество 2002 • № 6.